

**«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп- интернаты»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
«Қамқоршылық» кеңесінің отырысы  
Хаттама №1**

**«28» тамыз 2021 жыл**

**Қатысқандар:**

Жиналысқа Жетісай қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі, мектептегі қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жумабаев Мугалбек Жунусұлы, қамқоршылық кеңес мүшелері, «Дарын» мектеп-интернатының директоры К.Алиев, ДТІЖО Н.Нұрмағанбетов.

**Күн тәртібінде:**

1. 2020-2021 оқу жылына қорытынды;
2. 2021-2022 оқу жылына мектептің Қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру;
3. Мектептің қамқоршылық кеңесінің нұсқаулығымен танысу;
4. 2020-2021 оқу жылына барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, мектеп-интернаттың оқу жылына дайындығы жайлы;
5. Толық емес отбасы және аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі.

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жумабаев Мугалбек Жунусұлы өткен оқу жылында бір қатар жұмыстар атқарылғандығы жөнінде баяндап, күн тәртібінің алғашқы мәселесі бойынша Кеңестің алғашқы жиынын «ашық» деп жариялап, кеңес мүшелерін жаңа 2020-2021 оқу жылымен құттықтап, бірлескен, ұжымдасқан еңбегімізге сәттілік тіледі.

1-мәселе бойынша жалпы білім беру ұйымдарында карантин кезеңінде 2020-2021 оқу жылында оқушылардың сабақ оқуына уақытша пайдалануға көмек ретінде, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларына және жартылай жетім балаларға, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың сабақ оқуына мүмкіндік жасау мақсатында мектепке мемлекет есебінен келген 2 планшет, 6 компьютер және 120 ноутбук тарқатылып берілді.

Қамқоршылық кеңесі үш жылдан бері жұмысын жүргізіп келеді. Жылда қажетіне қарай қайырымдылыққа жиналған қаражат қамқоршылық кеңесте талқыланып, арнайы бағыттарда жұмсалуда. Биылғы оқу жылында да кеңес сол құрам мүшелерімен жұмысын жалғастыра бермек.

2-3 мәселе бойынша Қамқоршылық төрағасы Жумабаев Мугалбек Жунусұлы жұмыс жоспарымен таныстырды, ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті.

2021-2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысының басым міндеттері:

-білім беру ұйымының жарғылық қызметтерін жүзеге асыруда, қаржылық қолдауды қамтамасыз етуде, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуда көмек көрсету;

- балаларды тәрбиелеу және дамыту, оқушылардың жас ерекшеліктері мәселелері бойынша ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағарту, патриотизмді және азаматтық сана-сезімді қалыптастыру;

- әртүрлі деңгейдегі мектептің басқару қызметіне ата-аналар, қамқоршылар кеңесін тарту;

- мектептің конкурстарын, жарыстарын, бұқаралық іс-шараларын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

- мектептің әлеуметтік сала мекемелерімен өзара іс-қимылын жетілдіру.

Қамқоршылық кеңес мүшеліктің еріктілігі, Қамқоршылық кеңес мүшелерінің тең құқылығы, басшылықтың алқалылығы, қабылданатын шешімдердің жариялылығы қағидаттары негізінде жұмыс істейді. Білім беру ұйымының оқушылары мен тәрбиеленушілеріне жасалған жағдаймен таныс болу деп сөзін аяқтады. Мектептің барлық жұмыстары тыңғылықты және уақытымен атқарылатыны туралы айтты.


4- мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Ауезова Зульфия COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында мектеп-интернатында және сыныптарда оқушылардың санитарлық талаптарды сақтай отырып, үнемі бетпердені киіп жүруі туралы сауал қойып, нақты жауап алды.

Пандемия кезеңінде білім беру ұйымдарында, COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында бірнеше кілемше, әр сыныпта санитайзер мен дәліздерде қолды зарарсыздандыру құралдарының қойылуы, тазалық сақтау шараларының жүзеге асырылуы реті, уақыты, қолданған маскаларды сақтау орны көрсетілгені жайлы тәрбие ісі меңгерушісі Н.Нурмағанбетов мәлімет берді.


5 - мәселе бойынша ДТІЖО Н.Нурмағанбетов әлеуметтік мәртебесі бар оқушылардың, толық емес отбасы және аз қамтамасыз етілген, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етілгендігі жөнінде айтып өтті. Сонымен қатар мектеп-интернатта көп балалы отбасылардан шыққан балаларға; атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесі бар сегіз оқушыға тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылды.

#### Қаулы:

1. Құрылған қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылындағы жұмысы қатанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін.
3. Құрылған қамқоршылық кеңесінің жұмысы жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  М.Ж. Жумабаев

Хатшы:

 Н.Нурмағанбетов